



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ЖАСТАР ІСІ КОМИТЕТІ



«ЖАСТАР» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
ОРТАЛЫҒЫ»

Туысы бірдің - уысы бір

Әдістемелік құралы

АСТАНА
2013

УДК 373
ББК 74.90
Т 19

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Жастар ісі комитетінің тапсырысы бойынша*

Т 19 Туысы бірдің – уысы бір: Әдістемелік құрал /
Редакциялық алқа мүшелері: *С. Фаббасов, О.Ж. Темірбеков, Ж.Қ. Боқанова,
Ж.К. Кәрімова, В.О. Мұстафина.* –
Астана: «Шикула және К» ЖШС, 2013. – 40 б. – қазақ тілінде.

ISBN 978-601-7507-06-0

Әдістемелік құрал «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығымен» даярланған.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев туыстық құндылықтарды дәріптеудің әрі отбасылық институттың маңыздылығын, «Отан – шағын шаңырақтан» бастау алатынын әрдайым атап өтеді. Бұл негізді басшылыққа алып, «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» дегенді ұстанымға айналдырсақ, туыстық институттың мәні өшпейтіні хақ. Аталмыш әдістемелік құралдың да көздейтін басты мақсаты осы. Әдістемелік құрал ұстаздар мен ата-аналарға да туыстық қарым-қатынасты 13-18 жастағы балалардың бойына дарытуда бірден-бір көмекші құралға айналатыны хақ.

ISBN 978-601-7507-06-0

УДК 373
ББК 74.90

КІРІСПЕ

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған – туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.

Н. Ә. Назарбаев

«Туысы бірдің – уысы бір» әдістемелік құралы «Иманды ұл, инабатты қыз – елдің көркі» әдістемелік құралдарының топтамасына енеді.

Онда Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан–2050 - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында, «Жас Отан» ЖҚ ІІ съезінде, Қазақстан халқы ассамблеясының ХХ сессиясында жүктеген мұрат-міндеттер төңірегінде жоғары сынып оқушыларымен жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдері жан-жақты зерделенген.

«Жеті атасын білмеген – жетесіз», шыққан тегін білмеген – тексіз» деп тектен-текке айтылмағаны хақ. Бауырмал, жомарт атам қазақ өз шежіресіне, мәуелі ағаштай тараған тамырына баса мән беріп, кейінгі буынның да одан ада қалмауына бәйек болады. Оның қан тазалығын сақтауда, туыстық құндылықтарды ұлықтауда орны бөлек.

Бүгінгі таңда да ерлік пен елдікке үндейтін игі дәстүрді қарашығымыздай сақтау қажет. Ата-бабаларымыз салған ізді бүгіннен болашаққа жалғап, оның тамырына бойлап, өскелең ұрпақты тәрбиелеу міндеті үйде ата-аналарға, ата-әжелерге, түзде мектептегі ұстаздар қауымына жауапты жүк ретінде артылады. Себебі татулықты, жанашырлықты, бір-біріне қол ұшын созуды дәріптейтін туыс-туғандық жүйесінің негізінде қаймағы бұзылмас салмақты тәлім-тәрбиенің қайнар бұлағы жатқаны көпшілікке мәшһүр. Ол кіндік қанымыз тамған жердің тарихымен ұштасады, оның арқасында туған елге деген сүйіспеншілік сезімі бойға дарытылады. Бұл ретте Елбасы Н. Ә. Назарбаев: *«Бұл тәуелсіз Қазақстанның азаматы гасырлар тоғысында өзінің арғы-бергі тарихын ой елегінен өткізіп, «Кеше кім едік? Бүгін кіміз? Ертең кім боламыз?»... Шежіренің тереңде жатқан мәнін естен шығаруға болмайды. Ол бір румен, тайпамен шектелмейді. Шежіре – тамыры бір ұрпақтардың мәуелі ағашы... Шежіре бізді бөлмейді, біріктіреді. Жастарымыз қай жерде болса да, бір атаның, бір халықтың балаларындай бір-бірін бағалап, құрметтеуге үйренуі тиіс»* деп дөп басып айтты. Расында да қазіргі толқын арғы ата-тегін білмейтін болса, ата жолын қалай қуады деген заңды сауал туады. Адамзат мәдениетінің ажырамайтын бір тармағына айналған туыстық қарым-қатынастың құндылықтарын сақтауға келгенде де ақсаңдайтынымыз бар. Көне дәстүріміз кейде «жаңаның» тасасында қалатыны қынжылтады.

Бұл бағытта шаң басқан қасаң қағидаларды, өміршеңдігін жоғалтқан әдістерді ысырған ләзім. Адам тәрбиесі дұрысталмай, қоғамда әділеттілік

пен қайырымдылық орнауы мүмкін емес. Ендеше, бүкіл педагогика мен психология ғылымдарына, батыл көзқарастарға иек артқан, қыл аяғы жаңа әдіснаманың, жүйенің, негіздердің ұсынылуы ауадай қажет.

Сайып келгенде әдістемелік құралда қазақы тәрбиенің мәйегі саналатын туыстық құндылықтарды ұлықтаудың, «үлкенге ізет, кішіге құрмет» қағидасын жастардың бойына сіңірудің кәдеге жаратылып жүрген жолдары мен амалдары зерделенеді, мәнін жоғалтқандары мен тиімдісі нұсқалады.

Жоғары сынып оқушыларына өздерінің ата-тектерін меңгертудің түрлі әдістері мен негіздері ортаға салынып, бұл бағытта түйіні тарқатылмаған түйткілдер қарастырылады.

Техниканың қарыштап дамыған заманында бүгінгі жас ұрпақтың ата-бабалардың тарихына үңіліп, өзінің төл шежіресінен, туыс-туғандық ара қатынастардан хабардар болуы тиіс. «Туысы бірдің – уысы бір» әдістемелік құралы жоғары сынып оқушыларын тәлім-тәрбиемен қанықтырып, атам заманнан бергі салт-дәстүрлерді кәдеге жарату бағытында тиімді тың амалдар мен жолдарды ұсынады.

Әдістемелік құралдың **мақсаты** жоғары сынып оқушыларына қазақ халқының дәстүрлі туыс-туғандық жүйесін тануға қолғабыс ету, оны үйретудің тиімді әдіс-тәсілдерін нұсқау.

Ұсынылған әдістемелік құралдың **басты міндеттері:**


1. жоғары сынып оқушылары тарапынан өздерінің ата-тектерін, шежірелерін білуге қызығушылықтарын оятуға септесу;
2. туыс-туғандық жүйені меңгертудің нақты жолдарын айқындау, бұл бағытта ата-аналардың да тасада қалмауына баса мән беру;
3. жастарды ата-текті, туыс-туғандық жүйені қастерлеуге, сақтауға тәрбиелеу бағытында мамандардың, ата-аналардың алатын орнын көрсету;
4. ата-текті тану арқылы жастардың бойында ұлттық құндылықтар мен отансүйгіштікті дарытуға жол ашылатынын дәлелдеу;
5. мейірімділікке, қамқорлыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу.

Зерттеудің **теориялық және тәжірибелік мәні.** Әдістемелік құрал 13-тен 18-ге дейінгі қазақстандық жеткіншектер үшін әзірленген. Туыстық қарым-қатынасты ұлықтауда оған ұстаздар қауымы әрі ата-аналар иек арта алады. Қаузалатын тақырыпқа қызығушылық танытқан азаматтар үшін әдістемелік нұсқау ретінде де қызмет етеді.

I. тарау **«ТУЫСҚАНДЫҚ ДӘСТҮР – ҚАЗАҚЫ ТӘРБИЕНІҢ МӘЙЕГІ»**

1.1 Тарихтың бастауы шежіре

Негізінен қара топырақты басатын жер-жаһандағы пендеге тән бір дара сипат бар. Олардың күллі тіршілік тағылымдары мен тәрбие-тәлімдері табиғатпен үндесіп қана қоймай, негізгі биологиялық заңдылықтарды да бұлжытпай орындау – оларға тән аса үлкен ұлағат екенін айтпақпыз. «Жеті атаға дейін қыз алыспау» дәстүрінің данагөй ата-бабамыздан мұра ретінде бүгінгі толқынға жетуі оның бір айғағы. Ғибраты мол тағылымның әлемнің өзге бұрышында кездесуі екіталай. Бұл – ата-бабаларымыз бекітіп, айтып, дәлелдеп, нақты тұжырымдап, ғасырдан-ғасырға айқындап салып кеткен сара жол, бұлжымайтын тәртіп қағидасы. Қазақы тәрбиенің қайнар көзі туыстық шежіре төңірегінде сөз қозғау үшін өткен сара жолымыз бен кешегі тарихқа, ата тегімізге көз жүгіртіп, ой елегінен өткізген абзал.



Әр адамның тарихы тегі мен тамырынан бастау алып, кейін ұлттың біртұтас шежіресіне айналытыны хақ. Шежіреге жүз, ру және жеті ата енеді. Академик М. Қозыбаевтың байламынша, «Шежіре арқылы оның тегі, ата қонысы, қауымға қосқан үлесі, Отан қорғаудағы орны, меншік, адам құқығы, болмысы және т.б. білінетін болған. Ру, тайпа, тұқым, тек, арыс, жүз, жұрт, ел, отан сияқты халықтың барша тарихын көрсететін категориялар, айналып келгенде, шежіренің негізгі категориялары. Бұлар тұтас этностың тарихын ашуға бірден-бір қажет нәрселер». Қазақ жұрты қырық үш тайпадан тұратыны белгілі. Міне, осынау қырық үш тайпадағы әр адамның тектік қасиетін, зерттегенде – бір адамдікіндей екені басқа елдің ғалымдарын таңтамаша күйге түсіріпті.

Түркі тілдес халықтардың, соның ішінде қазақ ұлысының да ата тегі болып саналатын Сақ мемлекеті – біздің жыл санауымызға дейінгі VII ғасырда шаңырақ көтеріп, біздің заманымыздың II ғасырына дейін өмір сүрді. Сақ мемлекетінің негізін қалаушы – Алып Ер Тұңға (Афрасияб). Оның да биік тұлғасы жайында ұққыңыз келсе, ұлы Фердаусидің «Шахнамасына» көңіл аударыңыз. Танымы – әуел бастан Тәңірлік дін. Олардың өз уақытында жасап, ұрпағына қалдырған рухани байлықтары бүгінгі заман адамдарын да қатты тамсандырып отыр. Әсіресе сақтардың әлемге әйгілі даналық өрнектері мен руна немесе түркі жазулары болғанын айтсақ та жетіп жатыр. Ал кешегі Алматы түбіндегі Есік қорғанынан табылған Алтын киімді адамның бойындағы сан түрлі зергерлік бұйымдар Ұлы дала мәдениетінің үздік нұсқалары болып табылады. Осынау өнер өрнектерінің іздері бүгін де жалғасын тауып жетілуде.

Ғұндар дәуірін парақтасақ, олар біздің заманымызға дейінгі 204 жылдан бастап қазіргі заманның 216 жылына дейін тіршілік еткені айқындалады. Аты аңызға айналған әйгілі Мөде батырдың басқаруымен тасы өрге домалаған ғұндарға қытайлар салық төлеп, тіпті амалсыздан үш мың шақырымға созылған атақты Қытай қорғанын тұрғызуға мәжбүр болған. Оған қазіргі тарихи жылнамалар мен зерттеулердегі дәйекті деректер дәлел бола алады. Тұрмыс-тіршіліктеріндегі тәртіп түрлері мен тағылым сипаттары ғұндар сақтардың мұрагері екенін дәлелдейді. Олардың іргесі сөгілген соң, оның негізін құраған туыстас тайпалар босқындыққа ұшырап, торғайдай тозып, бүкіл Орталық Азияға, Еділ сыртына, тіпті Қиыр Шығысқа дейін тарыдай шашылып тарап кеткен. Оның тек шағын бөлігі ғана Алтай тауында қалып, жужандардың билігінде 400 жылдай елеусіз өмір кешеді. Алтайдың осынау аңғарлы алқабын «Ергене Қон» деп атаған екен. Жужан ханына «салық орнына темір өндіріп беретін темір балқытқыш ұстасына» айналады.

Қол өнері мен егіншілікті кәсіп етіп, етең-жеңін жинаған ғұн ұрпақтары айналасына елеулі бола бастайды. Әсіресе 535 пен 552 жылдар аралығы – олар үшін қайта ояну кезеңіне айналады. Бумын атты қолбасшының ересен тапқыр қимыл-әрекеттерінің арқасында олар өз тәуелсіздігі үшін азаттық

күресіне шығып, қайыра көтерген ордасын – түрік атандырып, билеушісі Бумынға «елхан» деген атақ береді. Осылайша түрік қағанаты дүниеге келеді. Ертедегі түркілер де өзі мекендеп отырған Ұлы даланың ыңғайына орай, жылдың төрт мезгілін тамыршыдай танып тіршілік ететін ата кәсібімен көшпелі өмір салтын жалғастырады. Сонау Орхоннан Еділге дейінгі ұланғайыр аймақты иемденумен қоса, түркілер де өзінің ежелгі ата-бабалары сақтар мен ғұндар тәрізді, Ұлы даланың бұлжымайтын табиғи заңдылықтарына қылдай қиянат жасамай, үндестік табуға тырысады. Егер де ертедегі түркілердің мекендері шағын болса, тіпті жер бетінен құрып кетуі де мүмкін болатын [1].

Ертедегі түркілердің ұрпағына қалдырған мәдениеті хақында сөз етсек, тұрмыс-салтымызда қолданылып келе жатқан мың-сан заттық бұйымды айтпағанда, тек Орхон-Енисей жазба ескерткішінің өзі неге тұрады. Келешек ұрпақтарына тарихын, өнерін, даналық ойларын, ел болудың ережелері мен тәртібін тасқа қашап жаздырған халық осы түркілер екені белгілі. Түркілер бұл ескерткіш жазуларды «бітік таш» деп атаған. Қазір дүние жүзіне белгілі «Үлкен және Кіші Күлтегін» мен «Тонкөк» атты жазбалардың мәні мен мағынасын білмейтін мәдениетті адамды кездестіру қиын. Алғашында оқылуы аса қиынға түскен бұл көне ескерткіштің сырын ашып, кілтін табу мәртебесі – Дания ғалымы, Копенгаген университетінің салыстырмалы тіл білімі кафедрасының профессоры – Вильгельм Людвиг Петер Томсен (1842–1927) ғұламаның игілігіне тиеді.

Қарахан қағанатын да тасада қалдырған жөн болмас. Тайпа ретінде сонау ғұндар заманынан белгілі қаңлылардың ұйымдастыруымен біздің заманымыздың 840 жылдары кешегі талапай тартыстарға ұшыраған түркілердің түтінін түзеп, Қарахан қағанаты дүниеге келді. Олар Сырдария, Талас, Шу, Жетісу мен Шығыс Түркістан өңірлерін құтты мекен етіп, қалалар тұрғызып, егіншілік кәсібін өркендетіп, мәдениеттің сан түрлі салаларынан елеулі жетістіктерге жетеді. Олардың сәулет өнерінің белгісіндей, бүгінге дейін махаббаттың, пәк сезімнің ескерткішіндей, Тараз қаласының түбіндегі Айша бибі күмбезі, сол заманның мұралары болып саналатын Қарахан, Аяққамыр, Алаша хан, Сырлытам тәрізді көненің көздері бізді ата-бабамыздың аруақтарымен жалғастырып жатыр. Бұл қағанаттың да түбіне жеткен – сол баяғы тақ тартысы, алтыбақан алауыздық пен халықтың ішкі береке-бірлігінің жоқтығы. Неше ықылым замана сырларына үңіле зерттеп қарасақ, түркі тілдес халықтардың түбіне жеткен өздерінің ішкі берекетсіздіктері болып отырған. Оларды ешуақытта да сырттан келген жау құлатып көрген емес. Осы деректің мәніне қазіргі Түркі мемлекеттері де ерекше мағына беруге тиісті.

Қарахан қағанатынан кейін қазақтың тарихында Шыңғысханның дәуірі ерекше орын алады. Оның ата-бабасы шыққан қият руы қазіргі моңғол тайпаларының ешқайсысының ішінде жоқ екені белгілі. Тек қазақ-қарақалпақ

халықтарының құрамындағы қоңырат тайпасында ғана сақталған. Шыңғыстың нағашы жұрты да, оның бірінші әйелі Бөртенің төркіні немесе қайын жұрты да сол қоңырат тайпасы болып табылады. Сондықтан да Шыңғысхан қазақ тілін білген. Оны ақ киізге отырғызып хан көтерушілер де қазақтың ірі-ірі тайпалары қият, найман, керей, меркіт билері болатын.

Біздің заманымыздың XIII ғасырында, бір ұрпақтың көз алдында Шыңғысхан бүкіл Еуразияның Ұлы даласына толық үстемдігін орнатады. Шыңғысхан империясы алғашында Жошы ұлысы делінгенімен, әлемге Алтын Орда атымен әйгіленгені белгілі. Ұлы даланың аумағы төрт ұлысқа бөлініп, Алтын Орданың иелігіне кіргізілген – шығысында Балқаш көлі мен Ертіс өңірінен бастап, батысында Қара теңіз бен Дунай өзенінің аймағын түгелдей қамтиды. Былайша айтқанда, Алтын Орданың жері бүгінгі Қазақстанның алып жатқан аймақтарын түгелге жуық өзінің қарамағында ұстаған. Оның негізгі халқы да бүгінгі қазақ пен өзбектің және басқа да түркі тілдес халықтардың құрамындағы тайпалардан құралғанымен, әртүрлі діндерді ұстаған алашабырлау еді.

Алтын Орданың мемлекеттігін күшейткен Жошы ханның баласы Бату хан оның батыс шекарасын Хунгария мен Польшаға дейін жылжытып, түстігінде Кавказдың біраз бөлігін бағындырып ұстаған еді. Бату ханнан кейін Алтын Орданың абыройын аспандатқан хандар: Берке (1257–1266), Мөңке-Темір (1266–1280), Туда-Мөңке (1280–1287), Төле-Бұқа (1287–1291), Тоқты (1291–1312), Өзбек (1312–1342), Жәнібек (1342–1357) тәрізді билеушілері де ежелгі дәстүрлерді жалғастырып, айналасындағы елдерді ықтырып ұстады. Алтын Орданың тұсында көптеген қалалар салынып, оның Берке-сарай, Бату-сарай сияқты астаналарында сәулет пен көлөнері, әдебиет пен ғылым айтарлықтай дамыды деуге болады. Алтын Орда халқының құрамы әр текті болғандықтан, олардың шаруашылық пен мәдениет мұралары да алуан түрлі болды. Ақыр аяғында Алтын Орданы жайлаған ішкі алауыздық пен тақ таластары және сыртқы күштердің әсерімен далиып жатқан Дала империясы біртіндеп әлсірей берді. Салдарынан Алтын Орда ыдырап, ұсақ хандықтарға Қазан, Қырым, Ноғай (Астрахань), Қазақ, Өзбек дейтін ұлыстарға бөлініп кетті.

Дей тұрғанымен Ұлы дала үстінде небір өзгерістер болса да, сақ, ғұн, түркі замандарынан бері қарай жалғасып келе жатқан халықтық тағылымдарымыз бен дәстүр-салттарымыздың және тілдік тұтастықтың үзілмеген арқауы барын арнайы айтып өту керек. Бұл үрдіс Шыңғысхан заманында да бұлжытпай орындалды. Оны қазіргі түркі мемлекеттері де өздерінің халқадірінше сақтап отыр.

Алтын Орданың шашылып кеткен сынықтарының ең ауқымды бөлігі – Дешті-Қыпшақ даласының соңғы иесі Әбілхайыр хан да қолындағы билігіне толық ие бола алмай аласапыранмен жүргенде Барақ ханның баласы Жәнібек пен немере ағасы Керей Әбілхайыр ханнан ат құйрығын кескен күйі ауа

көшіп, Шу бойындағы Қозыбасыда орда көтеріп, 1456–1466 жылдар аралығында Қазақ хандығының іргесін біржолата орнықтырады. Қазақ хандығының алғашқы тақ иесі жасы үлкен Керейхан болса, оның жол көрсетер ақылшысы Әз-Жәнібек болады. Әйтсе де, қазақ-өзбек атанып қақ бөлінген ежелгі біртұтас жұрттың арасы әлі де алыс-беріс күйде болатын. Бірақ әрқайсысы өзіне тартып меншіктеген менікі-сенікінің аяғы қантөгіске де ұрындырып тұрды [1].

Керей ханнан кейін оның баласы Бұрындық (1480–1511) ел билігін қолына алады. Оның басқаруындағы Қазақ хандығы Созақ, Сығанақ, Сауран қалаларын иемденіп, жер көлемін арттырып, қолөнер орталықтарын да нығайта түседі. Ендігі жерде жаңа құрылған хандықтың көреген де данагөй басшысы ретінде, тарих сахнасында ақыл-парасатымен өшпес із қалдырған Қасым хан (1511–1523) өзінің ел басқаруындағы әйгілі «қасқа жолын» ала келді. Ол кешегі халқына қадірі асқан ақылман Әз-Жәнібектің баласы болатын. Әке дәстүрін басшылығына алған ол көбінесе шебер саясатымен даулы мәселелерді қанкешу ұрысқа айналдырмай-ақ, көздеген мақсатының үдесінен шығып отырады. Соның арқасында қазақ халқы осы күнгі жеріне негізінен сол Қасым ханның тұсында ие болады. Оның дәуірінде жас ұрпақ көнекөз қариялардың, данагөй ақсақалдардың қадағалауына алынған-ды. Кейінгі толқынға бұрыс пен дұрысты, оң мен солды сілтеуге, «саусақ бірікпей, ине ілікпейді» дегеннің мәнін ұғындыруға, туыстық қарым-қатынасты ұлықтауға барлық қоғам жұмылды.

Оқушыға арналған бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

- 1. Шежірені қалай түсінесің?*
- 2. Ғұндар дәуіріндегі халықтың тұрмысы жайлы әңгімеле.*
- 3. Ішкі берекетсіздік пен алауыздықтың кесірінен қандай қанағаттың шаңырағы шайқалды?*
- 4. Алтын орданың іргесі қаланған кезде қандай өзгерістер орын алды?*

1.2 Ұрпақ қамы – ел қамы



Туыстық әдептілік – туысқан арасындағы қарым-қатынас. Қазақ арасында рулық қақтығыстар, ағайын арасындағы жанжал, екі адамның ұрыс-керісі бола қалған күнде қазақтың ағайындық береке деген ескі жосыны болған. Мұндайда қалыс ағайындар қарап тұрмайды, оларды берекеге шақырып, араға арашашы, дәнекер болады. Біреу шайын беріп немесе біреу малын сойып, оларды бір дастарханнан дәм татуға шақырады. Дәмнен үлкен нәрсе жоқ деп білетін халқымыз мұндайда салт бойынша дәмге үйірілу, ағайын берекесінен аспауы шарт етіледі.

Қарға тамырлы атанған қазақ алысқа бүйрегі бұрып, жақынды бауыр тұтты. Олар туыстық институтқа қол сілтемей, оның желісін үзбеген. Береке-бірлік «патшалық» құрған қоғамда аға толқын сөз бастаған, кейінгі ұрпақ үлкендердің сөзін қостады. Олар айрандай ұйып ғұмыр кешкен.

Даналықтың көзі саналатын шежіреші қариялар бір атадан тараған ұрпақты, туыстық тармақтарды әбігерленбей-ақ жіктейді. Оны жас буынның санасына құйып, беделді тұлғалардың өткен жолын дәріптеген. Оның арқасында туыстық құндылықтардың салмағы өшпей, тарихи оқиғалар, аңыз-әңгімелер атадан балаға мирас болады. Ата өнерін ұрпағының қууы, оны жалғастыру үрдісі қазақ әулеттерінде жиі байқалады. Ақындық, әншілік, серілік, мергендік, аңшылық, зергерлік сияқты аға толқынның өнерін жеті атасына дейін жалғастырған отбасылар аз емес екені даусыз.

Мұның өзі ұлтымыз үшін туыстық құндылықтардың маңыздылығын көрсететіні даусыз. Оның арқасында қазақ халқының бірлігі нығая түскені хақ.

Туыстық қарым-қатынас қазақта бір-біріне қол ұшын беріп, көмек көрсету тұрғысында да өзінің кең пейіл бауырмалдығымен, дарқандылығымен, жомарттылығымен, білек түре белсенді кірісіп кетер қауымшыл аралас-құраласшылдығымен айқын байқалады. Мәселен, қыз ұзату, келін түсіру, енші беру сияқты қуаныш кезінде ақшадан-дүние қаражаттан қысылған туысқа туыстық жақындығымен өз шама-шарқынша «қосқаным» деп көмек көрсету әдеті бұған дәлел. Мұндай көмек халық арасында әр жерде әр түрлі «жылу», «немеурін», «үме» деп аталады.

Қазақ қоғамында ұрпақтар арасындағы байланыс ерекше жақындығымен сипатталады, жеті атасына дейін әрбір туыс өз атын иеленеді. Туыстық қатынастарды сипаттайтын алыс және жақын туыстардың тізімін білдіретін ұзын-сонар терминдер бар. Олар туыстар арасындағы өзара қарым-қатынастардың сипатын анықтады, яғни туыстардың бір-бірінің алдындағы жауапкершілігін білдірді. Әрбір қазақ өз туыстарын жеті атасына дейін білуі тиіс, себебі олардың барлығы тікелей туыстар болып есептеледі және жеті атасына дейін әрқайсысының өз аты болды [2].

Көшпелі қазақ қоғамы бағынып, темірдей тәртіп орнатқан Тәуке ханның «Жеті Жарғысында» маңыздылығы бойынша жастарды тәрбиелеу міндеті жер өндеуден кейін екінші орынға лайықталды. Әуелден-ақ неке құру, отбасындағы қатынастар және кейінгі толқынға оң мен солды сілтеу жүйелі және нақты реттеліп, тасада қалмаған. Балалар балдәурен шағынан-ақ адамдардың арасындағы қатынастарды реттейтін ұғымдар мен құндылықтарды ойға тоқып есейетін. Жас буын тек өнегелі азаматтарға қарап бой түзеп, олардан үлгі алып, бұлжымас дәстүрге берік еді. Олардың әрқайсысы шежіренің бүге-шігесін меңгеріп, ар-ождан, намыс, қадір-қасиет адам бойындағы басты қасиеттерге айналып, оны ұстануға талпынған-ды. Балалардың барлық дерлік іс-қимылдары, әрекеттері, сөз саптауы аға буын тарапынан қатаң қадағаланды.

Оған әділ сөздің атасы, қара қылды қақ жарған Қаз дауысты Қазыбек бидің «Кім жақын, не қымбат?» деген сауалға тапқырлықпен айтқан жауабы дәлел.

*Тату болса, ағайын жақын,
Ақылшы болса, апайың жақын.
Бауырмал болса, інің жақын,
Инабатты болса, келінің жақын,
Алдыңа тартқан адал асын,
Қимас жақын – қарындасың.
Сыбайлас болса, нағашың жақын,
Адал болса, досың жақын.
Сыйлас болса – нағашың жақын.*

*Алтын ұяң – әйелің қымбат,
Құт-береке – атаң қымбат,
Аймалайтын – анаң қымбат.
Еркелейтін немерең жақын,
Өз ұрпағың – шөберең жақын.
Жан серігің жас кезіңнен,
Бәрінен де әйелің жақын...
Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт берекең – атаң қымбат,
Мейірімді анаң қымбат.
Асқар тауың – әкең қымбат
Туып өскен елің қымбат
Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат.*

Бұл ретте ғалымдардың бірі туысқандық ара қатынас рулық құрылыстан бастау алып, жалпы сипатты иеленгенін алға тартады. Қаны бір үрім-бұтақ арасындағы ауызбіршілік қазақтар мен Орта Азия халықтарында ғана Қазан төңкерісіне дейін байқалған көрінеді. Әлділер мен әлсіздер заманы орнаған соң, туыстық құндылықтардың да аражігі ажырап, алатын орны өзгеріске ұшырады.

Бүгінгі нарықтық кезеңде де ағайын-тума институтының мәні өзгергені сөзсіз. Күнделікті күйбең тірлікте нәпақа табу жолында әрі уақыттың тығыздығынан бір атадан тараған ұрпақ той-томалақтарда тоғысып, бір-бірімен қауышатын болған. Мұның өзінде бір ұрпақтан тараған үрім-бұтақтың тайлы-тұяғымен жинала қоюы неғайбыл. Реті келгенде ұялы телефонға жармасып, жақынның саулығын білмекке ұмтылатының бар. Оның өзі кейде санамыздан жылыстайды. Кесірінен жамағайындар арасында бір-бірін танымайтындардың қарасы қалыңдайды. Шалғайдағы ағайын-тума жайлы естіп-білмеген бала үшін туыстық құндылықтың мәнін ұғыну екіталай. Сондықтан туысқандық институттың маңыздылығын жандандыру, ығысқан дархандығымызды қайта тірілту жолында көнекөз қарияларға, данагөй ата-әжелерге, тәлім-тәрбиеге қанықтыратын ата-ана мен ұстаздар қауымына жүктелетін жүк ауыр.

Оқушыға арналған бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

- 1. Туысқандық дәстүрді қалай түсінесің?*
- 2. «Жеті жарғыда» туыстық қарым-қатынастар қалай реттелді?*
- 3. Қазіргі таңда туыстық құндылықтар қалай дәріптеледі деп ойлайсың?*

II тарау.

«ЖЕТІ АТАСЫН БІЛГЕН, ЖЕТІ ЖҰРТТЫҢ ҚАМЫН ЖЕР»

2.1 Тектіліктің шыңы – ұлт болу

Жалпы адамзат қауымы өзінің қоғамдық дамуының әр кезеңдерінде, тәлімі мен тәртібі үшін пайдаланған тәрбие тәсілдерін жетілдірумен қоса, тұрақты заңдылыққа айналдырған дәстүр-салттарының түрлері де жетіп жатыр. Олар халықтық – тайпалық – рулық болып дәстүрдің ортақ үлгілерін көрсетумен бірге, отбасылық және туысқандық ережелер арқылы оны аса үлкен нақтылыққа дейін жіктей де алған. Осыған орай дәстүр-салттың жақсысы да, жаманы да, ескісі де, жаңасы да сонау әлімсақтан бері қарай жалғасып келе жатыр. Халықтық тәлім-тәрбиемізге ерекше әсері бар ата дәстүр, халық педагогикасының ұлттық ерекшеліктерін және оның өзгелерден келетін көшірмелерге көне бермейтін тектілігін де қалыптастырады.

Сан ғасырлардан бері ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыра жасаған қазақ халқының да өзіне тән өркениеті мен басқаға ұқсамас ұлттық дәстүр-салттары бар. Олардың әртүрлі тұрмыс-тіршіліктерге байланысты қолданылған сипаттары да толып жатыр. Оның түрлерін жеке-жеке санамалап шығу тіпті де мүмкін емес. Сондықтан тек халықтық тәлім-тәрбиемізге ерекше әсері бар дәстүрлерді ғана саралап және оны үш сала топқа бөліп, ғылыми жүйелеп қарастыруды жөн көрдік. Олардың жіктелуінің өз мәні бар.



"Жеті атаға дейін қыз алыспау" - ата дәстүріміз халқымыздың тегін сақтауды көздейді



"Туысқандық" - ешбір халыққа ұқсамайтын өз ерекшелігі бар дәстүр



"Отбасын құру" - шаңырақ көтеруге әзірлік және оның заңдылықтары

Аталмыш үш сала тобы бір-бірімен өзара тығыз байланысты, өзге елдің әдет-ғұрпында кездеспейтін, тек қазаққа ғана тән аса құнды ерекшеліктер болып табылады [1].

Қазақтың тек тану дәстүрі бойынша әр азаматтың үш жұрты бар: ағайын, яғни өз жұрты, нағашы жұрты және қайын жұрты. Бұл үшеуі де жанашыр, сүйеніш, қорғаныш болып саналады. Халық осы үш жұртына былай деп баға берген.


Өз жұртың – күншіл, бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды, жақсы болсаң – күндейді, жаман болсаң – жүндейді. Бұл адамның әкесі жағынан туыс деп есептеледі әрі жеті ұрпаққа таратылады. Жеті ата ұрпақтарын келіндер жағы құрметтің белгісі ретінде есімдерін атамаған. Олар үшін төркін жұрт болып саналады.

Қайын жұртың – міншіл, қолыңның ұзындығына қарайды, жағаңның қызылдығына қарайды, берсең жағасың, бермесең дауға қаласың. Әйелі не күйеуі жағынан туыс саналатын жұрт. Қыз алып, қыз беріскен ер адамды құда деп атайды. Құдалық жолмен келген адамдардың үлкенін немесе жолы үлкенін (басшысын) бас құда деп атайды. Ертеде құда болғандар құдалыққа сойылған қойдың қанына қол батырып, бір-бірімен серттескен екен. Олар қазақ арасында өте сыйлы, ал құрметті адам төрде отырады. Аталмыш жұрғағаттармен арадағы «туыстық көпіріне» байланысты әулетте ынтымақ пен ауызбіршілік орнайды. Олар бір-біріне демеу болып, арын, намысын қорғап, қуаныш-қайғыларын бөліседі. «Құда мың жылдық» деген сөздің түп төркіні осында болар.


Нағашы жұртың – сыншыл, жақсылығына сүйенеді, жамандығына күйінеді. Әрқашан тілеуіңді тілейді, тілеуқор, қамқоршы болады. Нағашы (ер, әйел) – ананың төркін жұрты балаға (жиенге) нағашы деп аталады. Олар жиенін әрқашан еркелетіп, сұрағанын беріп отырады. Нағашының жолы үлкен. Ол жиенін күндемейді, керісінше оның азаматтығы мен ізгі істеріне сүйсініп, мақтап отырады.

Туыстық негіз бен атаулар осы үш жұрттан басталып, жақындық қатынас ағайын, туыс, нағашылы-жиенділік, жамағайын, жекжат, жұрағат, құдандалы деп аталады. Мұны бір сөзбен «туыстық атау» дейміз. Халқымызда туыстық қатынастың көптеген көптеген атаулары және соған лайық жол-жоралғылары да бар. Тек ескерте кететін жай – туыстық қатынас пен атаулар жігіт жағынан көрсетіледі [3].

Кесте 2. Ер адамның қайын жұрты.



Кесте 3. Әйел адамның қайын жұрты.



Тақырыпқа тұздық ретінде астарында мәні бар аңызға назар аударып, оның түпкілікті мағынасын ашып көрелік.

БАҚЫТСЫЗ БАЙ

Ертеде жалғыз басты бір бай өмір сүрді. Оның туысқаны да, баласы да жинаған мал мүлкі мен ақшасы еді. Соларды баладай мәпелеп күтетін. Бір күні ол жалшысының көңілді күлкісін естіп оның үйін айналшықтап тың тыңдады. Бірақ мардымды ештеңе ести алмады. Ол ертесіне жалшыны түннің ортасына дейін босатпай әбден жұмысқа салды. Бірақ кешегі күлкі тағы қайталанды. Дегбірі қашып шыдамсызданған бай енді «мынау менің қазынамнан ұрлап жүр, сол үшін үйіне барып мәз болып жатыр» деген жаман ойға кетті. Ол жалшысының есігін бір теуіп кіріп барды. Сөйтсе жалшысы екі баласын арқасына мінгізіп алып, өзі ат болып ойнап жүр екен.

– Ақымақ, бүгін қиралаңдап дұрыс жұмыс істемедің! Түнімен мынау мұрынбоқтарыңды ойнатамын деп шаршайды екенсің ғой! – деп ақырды.

– Қожайын, осы екі балапанымды көргенде шаршау, уайым дегенді ұмытып, тыңайып, сергіп қалам, – деп байыпты қалпынан жазбай жауап берді малайы.

– Нағыз ақымақ екен! – деп үйден атып шыққан бай енді «мен кеш кіріп қалдым ба екен, ол ұрлаған ақшасын тығып үлгерді де, маған сыр бермей отыр сұмпайы» деп күдігінен арыла алмай-ақ қойды.

Екінші күні жалшы таң атқанша жұмыс жасады. Бірақ ол еш реніш білдірмей үйіне қайтты. Бай соңынан бұқпантайлап барып тағы тың тыңдады. Құлағына шықырлаған ақша мен сылдырлаған күміс теңгені жалшысы санап жатқандай естіліп кетті. Ол тағы да есікті бір теуіп кіріп барды. Екі баласын екі жағына алып қаннен қаперсіз рахаттанып ұйықтап жатқан жалшысын көргенде не істерін білмей қалды. Үн-түнсіз білдіртпей үйден шығып кетті. Сонда да күдігі сейілер емес.

Ертесіне жалшысының көңілді, сергек қалпы байға өзін мазақ қылып тұрғандай көрініп кетті. Бай ақыры:

– Менің қазынамнан біраз қаражат жоғалды. Соны сенен басқа ешкім алған жоқ. Себебі сен үнемі көңілді жүресің, тыққан ақшаң болған соң көңілің тоқ боп жүр, – деді.

Сонда жалшысы:

– Қожайын, жағдайың сорлы құлдан да жаман-ау. Күнде кешке үйімді торауылдайсың. Менің байлығым екі балам мен жан жарым және денсаулығым мен қара күшім. Құланиектеніп таң атқаннан кеш батқанша тәңірімнен осы байлығымнан айыра көрме деп тілеймін. Сондықтан мен бақыттымын, көңілдімін, – деп жауап берді.

Не дерін білмеген бай үн-түнсіз қалды. «Япырмай, шынында да мына кара құл бақытты. Мен сияқты қызғанатын байлығы да жоқ. Байлық маған бақытсыздық үшін біткен бе? Басым ауырып кетті».

Осы күні жалшы үйіне ерте қайтты. Оның сыртынан қарап тұрған бай алдынан жүгіріп шыққан екі баласына қызыға қарап қалды...

Оқушыға арналған бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

- 1. «Туысы бірдің – уысы бір» деген мақалдың түпкілікті мағынасы қандай?*
- 2. Адамның қанша жұрты бар?*
- 3. Үш жұртқа енетін туыстық атауларды білесің бе?*
- 4. Өз жұртың жайлы әңгімеле.*

2.2 Туыстық атаулардың мәні

Негізінен қазақтың туыстық қатынас атаулары 90-ға жететін көрінеді. Әр адамның жынысына, жасына әрі туыстық деңгейіне байланысты лақап есімдер қойылады. Бұрын көбіне 17–18 жасар әкелерді балалары «аға» дейтін. Ал немерелері үлкен әкесін (әкесінің әкесін, бабасын) «әке» атаған. Үлкен әкесінің ағасын үлкен ата, інісін кіші ата, өз әкесінің ағасын үлкен аға, кейде ата, інісін аға, көке, ағатай немесе анасының қойған лақап атына «ағатайды» қосу (шырақ ағатай, інішегім ағатай, кенже ағатай) немесе олардың аттарына ағатайды қосу (Смағұл ағатай, Жүсіп ағатай), кейде балалардың өздері ерекше есім таңдап, оған ағаны қосатын (Тәтті аға). Есім тергеу ғұрпы көбіне-көп келіндерден талап етілген. Н. Ильминскийдің «Келін күйеуінің туыстарының есімін ешуақытта атамайтын. Оның аға-інілеріне, апа-қарындастарына арнайы есім қоятын» деген сөзі дәлел.



Бұл бағытта нәзік жан жұбайының туыстарының жасына, мінезіне, беделіне баса мән беріп, тапқырлығы мен алғырлығын паш етеді. Күйеуінің ағаларына «үлкен аға», «жақсы аға», «ағакем», «көке», інілеріне «сал жігіт», «молда жігіт», «мырза жігіт», «ортаншым», «тетелес», «інішегім», «кенже» деп атайды.

Ал қайын сіңлілеріне «шырайлым», «еркежан», «еркем», «еркешім», «молдақыз», «айдарлым», «кекілдім» дейді.

Даналықтың көзі саналатын аталар мен әжелер ауыл-аймақ, ағайын арасының берекесі, ақылшысы болып келеді. Олардың әрқашанда мәртебесі биік болып, сый-құрметке бөленген. Өйткені, үлкенді сыйлауды қадір тұтқан қазақ салты бойынша көргені мен тұрмыста түйгені көп, тәжірибесі мол адамның сыйға бөленуі заңды құбылыс деп танылған. Үлкенді сыйлау, ақылын тыңдау көргенділік деп есептеледі. Дәстүрлі қоғамда бала міндетті түрде ата-әженің тәрбиесіне қанығып, олардың өсиетін өнеге еткен. Олар немерелерін балаларынан да ыстық көріп, бетін қақпаса да, адамгершілікті, жақын мен жатқа сыйластықпен қарауды бойға сіңірді. Бұл бағытта этнограф-жазушы Сейіт Кенжеахметұлының жіктеген туыстық атаулардың сырына үңіліп көрелік.

Бір отбасындағы туыстық атаулар:

Ата – баланың әкесінің әкесі. Жеті атадан санағанда үшінші ұрпақ. Ел-жұрт «ақсақал» деп құрмет тұтатын қадірлі ел тұтқасы. «Ауылыңда қартың болса, жазып қойған хатпен тең» демекші, ата ел ұйытқысы, ақылшысы, қамқоры. Жастар атадан бата алуы тиіс. Оның айтқаны кейінгіге заң, ісі – үлгі.

Әже – әкенің шешесі. Ел іші, отбасының бүтіндігін ойлайтын көптің сыйлы анасы. Ол салт-дәстүрді сақтап, кейінгі жастарға отбасының, дастархан берекесінің, ағайын, абысындардың бірлігін сақтайтын тәрбиеші әрі ақылгөйі деп есептеледі.

Әке – отбасының тірегі, асқар тау, айбары, асыраушысы. Жеті атадан санағанда екінші ұрпақ болып саналады.

Ана – өзінді өмірге әкеліп, түн ұйқысын төрт бөліп, ақ сүт берген. Отбасының берекесі, ырысы, ақылшысын ұрпақтары аялап, құрметтеуі тиіс.

Бала (ұл, қыз) – ата-анадан тараған ұрпақ. Шаңырақ иесі, әке кіндігінің жалғасы саналатын ер бала жеті атаның бірінші ұрпағы болып табылады.

Аға – бір әке-шешеден туған ағайындылардың жасы бойынша үлкені. Ағасы бардың, жағасы бар демекші, оның жөні де, жолы да үлкен. Олардың алдында інілер әдеп сақтап отырғаны жөн.

Іні – бірге туған ағайынды адамдардың жасы жағынан кішісі. Сәйкесінше оның жолы да кіші. Інісі бардың тынысы бар демекші, ол ағаның, қарындастың сүйеніші, қолқанаты.

Бауыр – бірге туған қыздардың үлкендеріне бауырлас ер адамдардың жасы жағынан кішісі.

Әпке – інілер мен сіңлілер бірге туған және туыстардың жасы үлкен қыздарын осылай деп атайды. Әпкенің жолы олардан үлкен саналады.

Қарындас – ағайындылар ішінде жасы кіші қыз ағалары үшін қарындас болып табылады. Адам болайын деген жігіт қарындасшыл келеді демекші, аға мен ініге қымбат жандар бауырлары үшін еш аянбайды.

Сіңілі – бірге туған қыздардың үлкендеріне жас жағынан кішісі. Аға, әпке алдында сіңлі мен інілердің құқы бірдей болғанымен, «қыздың жолы жіңішке» деп жол көбіне қызға тиеді.

Туыстық қарым-қатынастағы атаулар:

Жеңге – ағаның әйелі. Жасы үлкендер үшін «келін», кішілер үшін «жеңге». Ол, әсіресе, өзінен кіші қайнылары мен қайын сіңлілері үшін әзіл, қалжыңы араласа жүретін сыйлы адам.

Бөле – бірге туған апалы-сіңілі қыздардың балалары арасындағы туыстық қатынас. Нағашы жұрт арқылы жалғастырылады.

Құда – күйеу мен қалыңдықтың (ерлі-зайыпты адамдардың) әкелері. Қазақ болашақ құдасынан арқа сүйер жанашырлықты, туысқандық мейірімді, намысын ту ететін сүйенішті іздейді.

Құдағи – күйеу мен қалыңдықтың шешелері немесе әжелері (құдандалы адамдардың әйелдері). Ол басқа меймандардан жоғары отырады, ерекше құрмет көрсетіледі.

Құда бала – жігіттің немесе келіннің інілері – жас балалар. Құдалар жағы олармен әзілдесіп, ойнап отырады.

Құдандалы – қыз алысып, қыз беріскен адамдар.

Құдаша – егделігіне немесе жастығына қарамастан бір рудың қыздары құда жағына құдаша саналады (құдандалы адамдардың қыздары). Олар сыйлы, көпшілік үшін құрметті болып табылады.

Жиен – күйеуге шыққан қыздан туған бала. Нағашылар үшін ерке саналады, олар қымбат заттың өзін береді. «Балалығың ұстаса, нағашыңа бар» деген сөз осыдан шыққан болар.

Жиеншар – жиеннен туған бала. Ол да әкесі секілді жиендік ғұрыпты жалғастырады. Оның баласы «дегеншар», оның баласы «көгеншар», оның баласы «туажат» деп аталады [3].

Нағашы (ер, әйел) – ананың төркін жұрты балаға (жиенге) нағашы деп аталады. Әйелдің інілері мен сіңлілері оның күйеуін жезде деп еркелетеді. Олар өзара тату болады. Жезде – балдыздың жанашыры, қамқоршысы. туысқан адамдардың өзінен үлкен апасының күйеуі.

Күйеу – жарының еліне күйеу болып есептеледі, сол ел оның қайын жұрты деп аталады. Қайнылары алдында жолы кіші болғанымен, сыйлы болып табылады.

Келін – ата-ана үшін баласының әйелі де, жасы үлкен ағалары мен туысқандары үшін інісінің әйелі.

Қайын ата – әйелге күйеудің әкесі, күйеуге әйелдің әкесі «қайын ата» деп аталады.

Қайын ене – әйелге күйеуінің шешесі, күйеуге әйелінің шешесі қайын ене саналады. Оның міндеті – үй тәрбиесі, қазан жабдығы, бала тәрбиелеу, халықтың салт-дәстүрін түсіндіру.

Қайын аға – ерлі-зайыптылардың туған және туысқан ағаларының оларға туыстық қатынасы.

Қайын бике – әйелінің апалары күйеуге қайын бике болады. Ол да күйеу баламен әзілдеседі, бірақ көбіне әдепті сақтап отырады.

Қайын сіңілі – жеңгелер үшін күйеуінен жасы кіші қыз бала қайын сіңлі саналады.

Қайын іні – жеңгелер үшін күйеуінен жасы кіші жігіт (ұл).

Балдыз – әйел адамдардың жасы кіші туыстары. Жезде мен балдыз бір-бірімен өте тату, бір-бірін ренжітпеуге тырысады. Балдыз жезде үшін ең жақын адамдардың бірі.

Абысын – ағайынды адамдардың әйелдері бір-біріне абысын болып табылады. Олар өзара жақын, сырлас, мұндас келеді. Бір-бірінің өкпе-назын әзіл-қалжыңмен көтереді. «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп» деген сөз оның бір айғағы.

Бажа – апалы-сіңілі қыздардың күйеулері бір-біріне бажа болады. Қайын жұрт арқылы жалғасады.

Қайын жұрт – қыз беріп, қыз алысқан екі елдің қыз бен күйеу жақындығын білдіретін сөз [5].

Қазақта «жүрежат, туажат» деген туыстық атаулар бар. Мұны біреулер жеті ата баласына теліп жүр. Бұл жерде «жат» деген сөзге мән беру керек. Ұлт тәрбиесіне зер салсақ, ұрпақ бұрынғы ата-бабаларын жат санамайды. Арғын Шақшақ Жәнібек ұрпақтары 10 атадан асса да батырды арғы аталарымыз деп мақтан тұтады. Егер осыған тоқтайтын болсақ, анығында, «туажат» – қыздан тарайтын ұрпақ. Ол былай таралады: жиен-жиеншар, көгеншар, дегеншар, жүрежат, туажат. Мысалы, әр азамат өз нағашысын, әкесінің нағашысын біледі де, одан арғысын білмейді. Осыған сәйкес «көгеншар», «дегеншар» деген атаулар да ұмытылған. Одан туғандар жүре-жүре жат немесе туа жат болып туады. Мұны бұрынғы шежіре, сөз, жөн білетін қазына қарттар айтып кеткен [6].

Туысқандық дәстүрге жататын – ата жұрт – нағашы жұрт – қайын жұрттардың да жеті буынға дейін есептелетінін есте ұстанған жөн. Ендеше, бір күлкілі әзілдегі: «Ғарышқа ұшқан қазақ айдан да өзінің туысын іздейді» дейтін сөз бекер айтылмаса керек.

Оқушыға арналған бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

- 1. Бір отбасындағы туыстық атаулар дегеніміз не?**
- 2. Олардың әрқайсысын тарқатып айтып бер.**
- 3. Үлкенге құрмет, кішіге ізет дегенді қалай түсінесің?**

2.3 Жеті ғасыр тарихын білмейтін жетесіз

Қазақта жеті атаға толмаған туыс «ең жақын» деп есептеледі. Олар бірін-бірі қысылғанда қолдап, қуаныштарын өзара бөлісіп, жәрдемдерін аямайды. Бұлжымайтын тәртіп қағидасы ата-бабаларымыз бекітіп, айтып, дәлелдеп, нақты тұжырымдап, ғасырдан-ғасырға айқындап салып кеткен сара жол. Біріншіден, жеті ата тәртібі туыстық, ағайындық бірлікті, ынтымақты ұстана отырып, бір ауыл, бір бауыр ретінде өмір сүруді көздейді. Бір рудың адамдары осы күнге дейін бір жерде мекендеп келе жатыр. Екіншіден, жеті атаға дейінгі туыс-туғандардың тұрмыс-тіршілігі де, күнкөрісі де, тұрған жер, суы да, өріс, қоныс, жайлауы да қысы-жазы қатар немесе бірге болады. Қиындықта бір-біріне демеуші, қамқоршы-пана, қуанышты да, реніш-қайғыны да бірге көтеріп бөліседі. «Туысы бірдің – уысы бір» деген сөз осыдан шыққан.

Үшіншіден, бір атадан тараған туыстар мен жас ұрпақтар бірін-бірі жақсы таниды. Ағалы-інілі, апалы-сіңілі дегендей, сыйластықта, бауырмалдықта бірге өседі. Мұндай туыс-туған, жақын-жуықтар арасында орынсыз жанжал, ұрлық-қарлық, барымта, зорлық-зомбылық сияқты жат істер болмайды. Керісінше, сырттай қамқоршы болып, жақын-жуықтарының мал-жанына көз салып жүреді. Әкелер мен аналар бір кіндіктен шыққан перзенттерін ел, ру намысын қорғайтын ержүрек, қайырымды, қаншыл, ұйымшыл, бауырмал етіп тәрбиелейді. «Қанына тартпағанның қары сынсын» деп қатты айтатыны тағы бар [6].



Ағайын арасындағы тонның ішкі бауындай бірлік, бұзылмайтын тектік мәйегіне айналған қағиданың қандастық жағынан маңыздылығын халқымыз әуелден-ақ түйсінген әрі оны берік ұстанған.

Басқа халықтардың туысқандық дәстүрлері қарға адым болса, былайша айтқанда, немереден аспай-ақ, үйлене беретіндігін ескерсек, қазақтың жеті атасына дейінгі ұрпағы – қан араластыруға болмайтын туыс болып саналады. Жастардың өз руынан өзге рулармен, арасы алыс бөгде елмен құдандалы байланыс өткізуге дәнекер болуы дәріптелетін-ді. Олай болса, халқымыздың туысқандық дәстүрі – тікелей «Жеті атасын білген ұл – жеті ру елдің

қамын ойлайды» дейтін мақал өзінің құндылығын осы күнге дейін сақтап келеді. [2].

XIX ғ. соңында бұл мәселеге Ы. Алтынсарин ерекше көңіл бөлген. «Қаны жақын туыс адамдар үйленсе, біріншіден, олардан ақыл-есі дұрыс бала тумайды, туа қалғанның өзінде өмір жасы қысқа болып, саны бір-екіден аспайды. Екіншіден, ағайын, туысқан арасында әдепсіз, жағымсыз қылықтар етек алып, ынтымақ, бірлік бұзылады. Ал туыстық араға жеті ата толған соң ежелден жекжат екі ел сүйек жаңғыртып, қайтадан құда болысады. Осы салт арқылы ел бірлігі сақталады», – деп жазды [6].

Тамыры тереңде жатқан қанатты қағида, санаға сіңген өсиет, өнеге мектебі, ата дәстүріміз саналатын «Жеті атаға дейін қыз алыспау» салтының құдіреттілігін айналып өткен жөн болмас. Оның үстіне, бұл дәстүрдің басқа халықтарда жоқ екендігін де анық етіп айтатын мезгіл жеткен сияқты. Шетелдік майталман ғалымдар оны ұлттық құндылыққа балап, түпкілікті мәнін жоғары бағалайды. Болашақ ұрпақтың денсаулығын нығайтуда дәстүрдің ойып алатын орны бар әрі қазіргі заманғы ғылым – генетикадан көрініс тапқан. Өйткені, адам ағзасындағы бірқатар гендік өзгерістер туысаралық немесе қандас некелер арасында туындайды. Оның кесірін әуелден-ақ аңғарған қазақ жеті атаға дейін қыз алуға тыйым салып отырған. Сондықтан, ұрпағы текті, дарынды болған.


Ұрпақ тәлімі мен тәрбиесінде ерекше орны бар «Жеті атаға дейін қыз алыспау» салтының бүкіл ділімізге тигізер әсері бөлек. Оның терең тамырына көз жіберсек, ежелден келе жатқан ескі жұртымыз бұл дәстүрді сонау Қорқыт пен Фараби замандарынан қалыптастыра бастаған екен. Ендеше, еліміз бұл дәстүрді ұстанғанына да 12 ғасырдай уақыт өтіпті. Сонда, осыншама ерекшелеп, ата дәстүрге балап отырған бұл «жеті атаға дейін қыз алыспау» дәстүрінің құндылығы неде? Оның өміршеңдігін нендей қасиеттерімен түсіндіруге болады?

Осы сауалдарға ғылыми дәлелденген негізде жауап беру үшін, ең әуелі салыстырмалы түрде, кешегі XIX ғасырдың бастапқы кезінде аса үлкен жаңалық ретінде танылған Дарвинизм ілімін еске алуға тура келеді. Бұл ілімнің ең ұлы жаңалығы саналатын «табиғи сұрыптау» мен «ата дәстүріміздің» тікелей тамырласып жатқанын ашып айтқан жөн. Оның үстіне, бұл дәстүр заты мен тегі басқа елдер түгіл, туыстас болып келетін түркі халықтарында да қолданылмайды екен.

Дарвиннің атышулы «табиғи сұрыптау» дейтін ұлы жаңалығын қазақ халқы он екі ғасыр бұрын өзінің тіршілік салтындағы ең аяулы дәстүріне айналдырып үлгеріпті. Бұл не деген сөз десек, адам баласы қазір – дәнді дақылдарды, малды қалай сұрыптауды, олардың тұқымдарын қайтіп асылдандыруды біледі, бірақ ол өзінің болашақ ұрпағының табиғи сұрыпталуын тікелей осы «жеті атаға дейін қыз алыспау» салтымен байланысты екенін көп жағдайда түсіне бермейді. Оны ұлықтап, мәнінен сыр шертуге келгенде

көбіне сөзбұйдаға салынатымыз бар. Адамзат та әзірге өз тегіне өзі түкірумен келетіні көңілге кірбің ұялатады! Міне, бұған таңданбасқа, таңырқай тұрып, ойланбасқа бола ма?

Дүниені дүр сілкіндірген жаңа ғылым, генетика ілімінің де алтын қазығы болып саналатын адамдық текті асылдандыратын құдірет болып табылады. Аталмыш құбылысты халықтың тегін анықтайтын ең негізгі таған ретінде ұсынып отырмыз. Осылайша қазақ халқындағы туыстық қарым-қатынас негізінен жеті атаға дейін созылып, кейінгісі құдандалық байланысқа айналды. Себебі тарихқа зер салсақ, ру ішіндегі жеті атаға дейін экзогамиялық тосқауыл бұлжымайтын қағида саналған.



С. Бизақовтың пікірінше, жеті атаға толғанға дейін қан алмастырмау ғұрпы – халықтың нәсіл тазалығы мен генетикалық тұқымдық жетілуі үшін де қажет тәрбиелік мәні зор, озық дәстүр. Жеті ата ғұрпы – ағайын адамдардың сыйластығы мен ынтымағын, ар-ұяты мен адамгершілігін сақтаудың кепілі саналып, аталастардың тұқым бұзушылыққа барып, ерлі-зайыпты болуы қатаң жазаланды. Ал сегізінші ұрпақ өкілдерінің шаңырақ құруларына еш кедергі жоқ, жол ашық. Ертеде ел ақсақалы мен игі жақсылары мерзімді уақытты межелеп, екі рудың басы қосылған үлкен жиында жеті атаға толған кезді ескеріп, қыз алысып, қыз берісетін құдалыққа рұқсат беріп, боз биені құрбандыққа шалып, той-томалағын өткізіп, алғашқы үйлену тойында отау тіккен екі жақтың жастарына ақ батасын беріп тарқасатын [8].

Бұл бағытта бойжеткенді ұзатудың бұлжымайтын тәртібіне иек артылған. Жастардың некесі қиылмай тұрып, қос тарап шежірене екшеп, өзара

туыстық байланыстың жоқтығын алға тартады. «Сүйек жаңғыртайық» деп барлық жоралғы орындалған соң, күйеу жігіт пен қалыңдықты ақ құлынның сүтіне шомылдырған. Жастардың отбасылық өмірге қадам басуы қазақ қоғамында жауластық пен қастыққа нүкте қойып, туыстардың қатары мыңжылдық «құдалармен» қалыңдайды. Бір-бірімен құдандалы болатын екі шаңырақтың арасын жеті өзен бөліп жатуы шарт. Туыстық жүйе атауларымен бірге қазақта құдандалыққа негізделген жақындық атаулары да молшылық. Бірақ бұларға байланысты атау 3–4 ұрпақтан аспайды да, құдалар арасындағы қарым-қатынас осы шеңбердің көлемінде ғана болып тұрады. Қазақтағы туыстық және жақындық жүйе әлі жете зерттелмеген мәселе [2].

Оқушыға арналған бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

- 1. «Туысы бірдің – уысы бір» деген мақал-мәтелдің мәнін ашып бер.*
- 2. Жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрін қалай түсінесің?*
- 3. «Сүйек жаңғырту» дәстүрі қалай жүзеге асқан?*
- 4. Ата тегіңді білесің бе?*

III тарау.

ОТАН – ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

3.1 Өнеге алдымен – әулеттен

*Әке – асқар тау,
Ана – бауырындағы бұлақ,
Бала – жағасындағы құрақ.*

Отбасы – қоғамның негізі, тәлім-тәрбиенің басты ошағы. Өткенімізді сараласақ, тәрбиенің асыл дінгегі отбасында қаланатынына көзіміз жетеді. Ол әлеуметтің, қоғамның басты институты екені де ақиқат. Туыстық қатынастарға негізделген отбасы қоғамның ажырамайтын бір бөлшегі болып табылады.



Бағзы заманнан-ақ ата-ана кейінгі ұрпаққа жеті атасының тарихына үңілуді міндеттеген және оны үйреткен, меңгерткен. Себебі адамдар бір-бірімен қауышып, танысқан кезде бір-бірінің тегін сұрайды.

Бүгінгі таңда өнегелі өмірдің, даналықтың көзі саналатын қариялар арасында жас толқынның шежіресін, жеті атасын «Қай баласын?» деп сұрап білу жайты жиі кездеседі. Сондықтан өзінің тамырынды білмеу ұятты нәрсе саналады. Сәйкесінше оның құрылымына зор маңыз беріліп, ар-намысын сақтауға, ұлттық құндылықтарды ұлықтап, туыстық қарым-қатынасты дәріптеуге баса назар аударылғаны мәшһүр. Ата-ана бойындағы адамгершілікке, ағайын-тумаға деген сыйластыққа куә болған балалар да оларға бой түзейтіні хақ. Сондықтан олар бір атадан тарайтын үрім-бұтақты перзентіне түсіндіріп, атақты ата-балаларының өмірінен сыр шертіп, олардың өнегелі өмірлерін әспеттеген. Шынымен «Шағын мемлекетте» санаға құйылған ұлттық тәрбиеге байланысты бала келешекте есейеді әрі қоғамға деген көзқарасы қалыптаспақ.

Тәрбие басы әдептілік деп білген ата-ана әуелі баласына өздерін сыйлап-құрметтеуді, сонымен қатар ағайын-туманы құрметтеп, оларға сыпайылық та-нытуды, мұқатпауды үйреткен. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деп атам қазақ тегін айтпаған. Қаны бір адамдардың өзара сыйластығы жалпы отбасындағы қарым-қатынастың бір айғағы саналады. Үлкенге құрмет, кішіге ізет демекші, олар бір-біріне кешіріммен қарап, бір-бірінің қадірін түсіне білген. Ересектер ақыл-кеңестерін ортаға салып, жас буынға жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуді меңзеп әрі оң жолды сілтейді. Ал ата-анаға, туыстарға, жамағатқа зеку, дауыс көтеру қазаққа жат дүние болып табылады. Себебі ағайын ала болса, ауыздағысынан айырылады. Әулеттегегі береке-бірлік те сыр береді.

Қазақ халқы отбасын құруға дайындалу кезеңінде өзінің ата дәстүріне сүйеніп, халықтың тегін сақтаумен қатар, ата-ана мен бала арасындағы сыйластықты бұлжытпай орындайтын еді. Бұл айтылған мәселелер – халқымыздың ежелгі дәстүр-салттарындағы ұлттық ерекшеліктері болатын. Бодандықпен өткен үш ғасыр өрттей шарпып, өзегімізді күйдіріп кеткеніне куә болып отырмыз. Біздің жастарымыз бұрын өз ата-анасы мен туған-тумалары түгіл, жасы үлкен басқа адамның алдынан кесе-көлденең өтпейтін. Мұны олар өздерінің кішілігі мен кісілігінің келбетіндей түсінетін еді. Ата-бабамыздың салып кеткен сара жолы бойынша ата-ана мен бала арасындағы сыйластық ізгілікке толы этикалық заңдылықтарға бағынатындықтан, ұрпақтан-ұрпаққа үндесе жалғасып жататын. Бүгінде мәселенің мәнісі қандай деген заңды сауал туындайды. Ата-ана мен бала арасындағы қайшылықтардың сыры неде? Оның тамыры тереңде жатқаны сөзсіз. Ата-ана мен бала арасындағы қатынас бүгінгі таңда ең ауыр зауалды шағын басынан кешіріп отыр.

«Өз тілін, тарихын, мәдениеті мен дәстүрін қадірлей білген ұлт қана толыққанды болып табылады. Біздің қоғамда дәстүрді сақтаудың маңызды институты – Отбасы. Мемлекет пен қоғамның өмір сүруі тұтастығына тәуелді. Біз мемлекетімізді нығайтудың маңызды факторы ретінде қоғамдағы дәстүрлі отбасылық құндылықтарды нығайтуға тырысамыз», – деп Елбасы атап өткен болатын.

Халық өзінің ғасырлар бойы қалыптастырған тағылымынан – дәстүрі мен салтынан, тарихынан ажырап, ділі мен дінінен айырылып қалғандықтан, осындай күй кешуде. Оның кесірінен тұрмыс тауқыметін қолдан жасау белең алғаны жасырын емес. Нәтижесінде ежелден келе жатқан ескі жұртымыздың азып-тозып кетпеуіне бірқатар себептер әсер етеді. Оның ішінде қоғамдық ортаның сыры, ата-ана тағылымдарының деңгейі және бала тәрбиесіндегі ағаттықтар бар. Жастардың бойындағы өзгеге еліктеушілік пен сіңген өзімбілемдік, әуел бастан негізін түсінбейтіндіктен – ата-баба дәстүрлерін білуге ұмтылыс жасамау бой көрсетіп қалатыны шындық. Кейінгі толқынның ата-ана пікірімен санаспайтыны да жиі байқалады. Теріс құбылыстар бұрын-соңды қазақ халқының дәстүрінде орын алмаған.

3.2 Әке көрген – оқ жонар, шеше көрген – тон пішер



Ата-текті қастерлеудің әрі туыстар арасындағы татулықтың негізінде елге деген құрмет, сүйіспешілік бойға дариды. Ұлт көшбасшысы мемлекеттің іргетасы берік отбасынан, өнегелі шаңырақтан бастау алатынын қадап, дөп басқан-ды.

Бұл ретте қазақ отбасындағы тәрбиенің келесі бір көзі – ұл мен қыздың мұратын айқындап беру. Ұл баланың мұраты қазақ даналығының оймақтай ғана асыл үлгісінде көрініс тапқан: «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі». Қысқа да нұсқа. Шынында да қазақ ер баласын осылайша елдің қамы үшін, елдің бір қажетіне жарасын деп тәрбиелеген. Басқа мақсат жоқ. Басқа мүдде жат. Және қазақ даналығы «ер ел қамын ойламайынша қолтығын сөгіп, құлашын жаза алмайды» дейді. Яғни, ер адамның бойындағы бүкіл адами қасиет тек қана осы жолда, ел жолында ғана ашылмақ екен. Сондықтан ұл өсіргенде әу бастан оның алдына жоғары мақсаттар қоя білу абзал.

Ал қыз баланың мұраты – кету. Яғни, өмірде өз орнын тауып, болашақ жар атану, тұрмысқа шығу. Бұл дегеніміз, қыз баланы туғаннан бастап болашақ мұратына жету жолына бағыттау.

Бұл бағытта шағын мемлекеттің бастауы саналатын отбасыға, дәстүрді, рухани құндылықтарды сіңіретін ата-анаға жүктелетін міндет зор. «Әкеге қарап ұл өседі, шешеге қарап қыз өседі» демекші, ерлі-зайыптылардың арасындағы қарым-қатынасқа, бір-біріне деген сыйластық әрі құрметке қарап өсетін перзенттің бойына игі қасиеттер даритыны сөзсіз. Ал отбасында жөнді тәрбие көрмеген балаға куә болған көпшілік «көргенсіз» деп түңіледі. Қазақта бұдан ауыр сөз жоқ деп есептеледі.

«Әке көрген оқ жонар» демекші, шаңырақтың мәуелі бәйтерегіне артылатын жүк салмақты. Ол – бала үшін әманда қорғаныш, идеал, сүйеніш; қиналғанда – демеу, күйзелгенде – демесін, тайып кетсе – тірек бола білетін әкені асқар тауға теңемегенде неге теңейміз? «Асқар тау» сонымен бірге қол жетпес биіктік, алыстан айбарымен сескендіріп, айтбатымен жасқайтын биік тұлға. Тек бүгінде әкенің отбасындағы алатын орны, беделі мен мәртебесі шамдай өшіп бара жатқан секілді. Асқар тауға деген құрметтің деңгейі таразы басында жеңілдеп, оны құрметтеуге келгенде де есе жіберітініміз ащы болса да бүгінгі күннің ақиқатына айналған. Ал отағасын қадірлемеген ұлдан келешекте қандай әке қалыптасады, отбасының тірегін құрметтеуге жарымаған қыз қандай ана болады деген заңды сауалдар туындайды.

«Ұл әкеден үйренбей, сапар шекпес, қыз шешеден үйренбей, өнеге алмас», деп Қорқыт атамыздың кезінде айтып кеткен орамды сөзі орынды айтылған. Сондықтан балаға тәлім-тәрбие беруде, оған оң мен солын сілтеуде отағасының алатын орны ерекше екенін де қазіргі әкелер қаперде ұстанғаны абзал. Өзінің перзенттеріне үлгі, өнеге болуға тырысып, теріс қылықтардан, жат пиғылдардан ада болғаны абзал. Бұл бағытта қазағымыздың маңдайына біткен тарлан ақындардың бірі Фариза Оңғарсынованың өлеңі ойға оралады.

*Әкем – біреу, анам да біреу менің,
Мен жығылсам, сүйенер тіреулерім.
Олар барда мереке, көрген емен,
Қабақтарын шытқанын, түнергенін.
Менің досым әкесін жек көреді,
Бір – біріне бітпейді өкпелері.
Дос тапса да, адамдар таппаса да,
Әке – жалғыз, табылмас ақшаға да.
Жақсы әкесін бере ме басқа бала?!
Әке – білек, саусағы – балалары,
Қан тамырмен жалғасқан аралары.
Ана – тамыр, бойымен бәріне де
Тіршіліктің жылуы таралады.*

Ал әкенің отбасындағы идеалды тұлғасын жасайтын оның сүйген жары, ошағының иесі, ақ жаулықты абзал ана – жұбайы. Дәстүрлі қазақ отбасында ер адамның идеалды бейнесін жасау – тәрбиенің алтын өзегі, ғасырлар сынынан өткен, уақыт тасқынына төтеп берген ұлттық құндылығымыз. Әке қанша асқар тау болғанмен, баланың барша тіршілігі анасына байланысты. Ана баланы тоғыз ай, он көтеріп, барлық азабы мен қиындығына шыдап жарық дүниеге әкеледі. Дүниеге келген нәрестенің дүние жарықтағы әзірге жалғыз қорғанышы мен тірегі – ақ сүтін берген анасы. Бала барлық қорегін анадан таусап өседі. Және баланың болашақта қандай болып өсетіні де тіке-

лей ата-анасына, әсіресе шешесіне байланысты. Ананы ағып жатқан бұлаққа теңеуі де сондықтан болар. Сол бұлақтан нәр алған бала ғана көк құрақтай желкілдеп өседі. «Үйдің жақсы болмағы ағашынан, баланың жақсы болмағы нағашысынан» деп мақалдайтын қазақ, ұрпақ тәрбиесіндегі ананың алар орнын дөп бастып айтып, айқын сезінген. Ұлтымыздың ұлы ұстазы Абай: «Адамға көбінесе үш алуан адамнан мінез жұғады: ата-ана, ұстаз, құрбысынан, солардың ішінде қайсысын сүйсе, содан мол алады» – дейді [8].

Әлбетте, бала ең бірінші кімді сүйеді? Әрине, анасын. Қазақтың кемеңгер жазушысы Мұхтар Әуезов өзінің «Адамдық негізі – әйел» атты еңбегінде бұл мәселе жөнінде былай дейді: «Әуелі адам баласының келешектегі адамшылығына ірге болатын істі сол адамның ортасы бір сурет жасап беріп, соған өзі киген тонын кигізеді. Сонан кейінгі ол адамның өмір жолында көретін жақсы, жаман үлгісінің бәрі жамау, иә бояу болады. Жә, сол адамшылығымызға үлгі салатын ортаның көп түрлі-түрлі істерінің ішіндегі бізге ең әсерлісі қайсы?

Бұл туралы және сол білгіштердің шешуі мынау: адам баласы бір үлгі аларда, ең әуелі шын жүрегімен сүйген кісісінен күштеп алады. Сол сүйген кісісінен сүйіп алған

үлгі жүрегіне нық орнайды дейді. Бұған қарағанда біздің ой буынымыз қатпай тұрған бала күнімізде ең әуелі елжіреп сүйетін кісі кім? Ол анамыз...» [9]. Осылайша Абай негізін қалаған ұлы мектеп, тәрбие мектебі дүниеге келеді. Бұл тәрбие негізінде – махаббат, сүю сезімдері жатыр. Өйткені, «қо-



рықпақ пен сүймек, от пен су секілді бір жерде жиылмайды, адам сүйген адамының ақылын ұғып, сонан баһыра алады, қорқытып, ұрсып айтқан ақыл дарымайды» [8]. Осы тұрғыдан алғанда жақсы әйел – бүкіл тіршілік көзінің бастауы, адамшылықтың негізі, тәрбиенің алтын қазығы. Бала тәрбиесіндегі ананың рөлінің зорлығы сондай, қазақ халқы тіпті «әкенің жақсылығы жездедей-ақ» дейді. Онысы әкенің рөлін жоққа шығарғаны емес, әкеге қарағанда бала тәрбиесінде ананың рөлінің зорлығын айтқаны.

Негізінен ұл баланы мал табар қылып, қыз баланы жұбайлық өмірге, яғни болашақ ана болуға тәрбиелеу керек. Міне, сонда ғана біз адаспаймыз, ұл-қызымызды болашақта қиындықтарға душар етпейміз. Сөзімізді ұлт ұстазы Абайдың әйгілі «Сегіз аяғымен» аяқтаймыз:

*Егіннің ебін,
Сауданың тегін
Үйреніп, ойлап, мал ізде.
Адал бол – бай тап,
Адам бол – мал тап,
Қуансаң, қуан сол кезде.
Біріңді, қазақ, бірің дос
Көрмесең, істің бәрі бос [10].*

Осы өлең жолдарында ұлттық тәрбиенің асыл қағидалары жатыр. Ұлды мал табуға тәрбиеле, сонда адам болып ер жетеді, ал қызды адалдыққа тәрбиеле, сонда ғана теңіне қосылып мұратына жетеді дейді хакім Абай. Біз де ұлымыз ұлықты, қызымыз қылықты боп өссін деп тілейміз.

Оқушыға арналған бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

- 1. Отан – отбасынан басталады дегенді қалай түсінесің?*
- 2. Туыстар арасындағы татулық, үлкенге құрмет дегеніміз не?*
- 3. Қазіргі таңда балалардың ата-анаға сыйластығы байқала ма? Өз ойыңды ортаға сал.*
- 4. Қазақ мәдениетіндегі қыздың мұраты не?*
- 5. Қазақ мәдениетіндегі ердің мұратын қалай түсінесің?*

ҚОРЫТЫНДЫ

Алапат ауыр сипаттарымен бір халықтың болашақтағы тамырына балта шаппақшы болған бодандықтың темір ноқтасы үзіліп, азаттықтың ақ таңы өшкенімізді қайта жаңғыртты. Ата-ана мен бала арасындағы сыйластыққа сызат түсірген тоғышар орта – ата-ана парызының азғындауы – ұрығынан және тәлімінен бұзылған ұрпақ тәрбиесі іспетті әлеуметтік дерттерді тек халық педагогикасының құдіретімен ғана қайта орнына келтіруге жол ашылмақ. Тек әншейін қарадүрсін салт-дәстүрді ғана топтастыратын педагогикасымақ емес, нағыз ғылыми негізделген, өзінің табиғи методологиясы мен жүйелері үндесе айқындалған халық педагогикасы пәні ғана игілікке жеткізбек. Оның арқасында жас буын да тегіне тән қасиеттердің бәріне де мұрагерлік етпек. Шежіре, туыстық институт тәлім-тәрбиенің бір бастауы болғандықтан, ізгілікті, отбасылық құндылықты, елге деген сүйіспеншілікті бойға дарытуда оны ысырып қою әбестік. Жас буынға жол нұсқауда оған баса мән беріп, тасада қалдырмаған абзал.

Халықтың тегі мен ділін анықтауға көмектесетін – дәстүр-салты – сөз өнері – ой өрнегі тәрізді үш таған қасиеттерін зерделеу арқылы кез келген халықтың генефонындағы ерекшеліктерді танып-білуге болады екен. Ең әуелі мұндай білім – қай халықтың болмасын өзі үшін керек. Себебі тегі мен ділін түсінген халықтың ұрпақтары қандай қиыншылықтарға да төзе біліп, өзінің алдына қойған мақсаттарына жетпей қоймайды. Мұның өзі, түптеп келгенде, ата-баба тәрбиесі мен тағылымы ата-баба зердесімен тығыз байланысты екенін аңғартса керек. Ендеше, аталмыш үш таған қасиеттер өміртіршілігіміздің қазіргі жағдайында нендей өзгерістерге ұшырап отыр десек, бүгінгі ұрпақ олардың мәні мен маңызын түсінбейтіндіктен, мүлдем жойылып кетпесе де, тым көмескіленіп бара жатқаны шындық.

Тобықтай сөздің түйіні, біздің ата-бабаларымыз өз ұрпақтарына жеті атасының аты-жөнін, атамекенін, өз руынан шыққан белгілі батыр, би, жақсылардың есімін айтып, өнеге еткен. Оның арқасында жақсы мен жаманның ара жігін айырып, оны ой елегінен өткізген кейінгі толқынның бойында игілік пен адамгершіліктің нұры бой көрсеткен. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан» демекші, келешектегі айналысатын кәсібін таңдауға да айтарлықтай сеп болады.

Сондықтан туысқандық ара қатынастардың ара жігін танып, тармақтап ажырату, өзінің кім екенінді тануда тарихи білім мен тәрбиені тығыз ұштастыру қажет. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақталған тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, бір жүйеге түсіру, топтарға жіктей отырып зерттеуге де жүрдім-бардым қарамай, оны тасада қалдырмаған жөн. «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» дегенді қаперден шығармаған абзал.

Әдістемелік құрал иллюстрациялармен безендірілді (материалдар ашық қолжетімді интернет дереккөздерінен алынды).

ҚОСЫМША

Қазіргі уақытта да мектеп оқушыларына жеті ата негізінде ағайын арасындағы берік татулық, қазаққа тән бауырмалдылық, бұзылмас тектік тәрбие-тәлімі зор екенін ұғындырып, дәріптеу және оның текті ұрпақ өсірудегі маңыздылығын көрсету міндеті тұр. Бұл бағытта **ұстаздар қауымы** жоғары сынып оқушылары үшін танымдық сабақтарды ұйымдастырып, жеті атасын түгендеу, олардың өмірі мен тарихтағы өшпес ізі жайлы білу тапсырмаларын жолдау, шәкірттердің қызығушылығын ояту үшін оны елдің шежіресімен ұштастыра әңгімелеу әрі ойын түрінде қажет. Тәлім-тәрбиенің басты көзі фольклор негізінде туыстар арасындағы бірлік дәріптеліп, алауыздықтан жат болу үйретілуі шарт. Бұл бағытта мектептен тыс шараларды ұйымдастырып, жиналыста ата-аналарға да атсалысу қажеттігі нұсқалады. Жоғары сынып оқушыларына *«Жеті ата туралы», «Өз отбасың туралы», «Менің туыстарым», «Менің отбасымдағы дәстүрлер»* тақырыптарында шағын шығарма жазу қарастырылғаны абзал. Аталмыш бағытта сауалдар да әзірленгені жөн. Мәселен, әйелдің төркіні оның жұбайына қайын жұрт, ал күйеуі оларға кім болады, жиеннен туған бала, жігіттің неше жұрты бар іспетті. Өз жұртым бұл әрбір баланың ата-әжесі, әке-шешесі, ағалары мен қарындастары. Нағашы жұрт – анаңның төркіні. Оның ішінде нағашы ата, нағашы әже, бөле, жиен, және т.б бар. Қайын жұрт – әйелдің төркіні. Оған қайын ата, қайын аға, қайын бике және т.б. кіретінін түсіндіру қажет.

Оқушыларға

*«Жеті атасын білген ұл
Жеті жұрттың қамын жер.
Жеті атасын білмеген
Құлағы мен жағын жер»*

деген сөздің мән-мағынасын түсіндіру.

Алғашқы екі жолда төл шежіресіне қанық ұл әулетінің тірлігін ойлап, көмек қолын созудан аянбаса, ал ата тегінен махрұм бала тек құлағы мен жағына сүйеніп, бос сөз сөйлейді. Оның ешкімде шаруасы жоқ, тек өздігінен әрі өзі үшін өмір кешеді.

Шәкірттерді әңгімеге тартып, олардың ой-пікірлерін білген абзал. «Ағайын ала болса, ауыздағысынан айырылады», «Туырлығым туысым», «Туған-туыс арасындағы сыйластық», «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» тақырыптарында оқушылармен әңгімелесу, өзара пікір-алмасу.

Дыбыстық сызбаны тамыры тереңде жатқан ағаш ретінде бейнелеу – туыстық атауларды меңгертіп, әрқайсысының алатын орнын ойып көрсетудің оңтайлы әрі тиімді жолы. Оның тамыры үрім-бұтақтан бастау алатыны әрі ағаштың бұтақтары ретінде әр туыстық атау көрсетілуі тиіс. Балалардың қызығушылығын оятып, тақырыпқа ден қойып үңілу үшін әр атаудың шағын түсініктемесін қамтыған ләзім.

Туыстық, құдалық қатынастарда қолданылатын атауларды барынша қамтуға болады. Мәселен:

Үрім-бұтақ – бір атадан тараған бала-шаға, ұрпақ.

Арғы ата немесе баба – үлкен ата, арғы ата.

Ата – әкесінің әкесі.

Әже – әкесінің шешесі.

Әке – балалы болған ер адам.

Ана – сәбилі болған әйел адам.

Туысқан бауыр – бір атадан өрбіген ұрпақтар, туыстас, бауырлас адамдар.

Аға – бірге туған жасы үлкен ер адам.

Әпке – бірге туған жасы үлкен әйел адам.

Іні – бірге туған жасы кіші ер адам.

Қарындас – бірге туған жасы кіші әйел адам.

Сіңлі – бірге туған жасы кіші әйел адам.

Немере – ата-ананың ұлынан туған баласы, атадан санағанда үшінші ұрпақ.

Шөбере – төртінші ұрпақ, немереден туған бала.

Шөпшек – бесінші ұрпақ, шөбереден туған бала.

Немене – алтыншы ұрпақ, шөпшектен туған бала.

Туажат – жетінші ұрпақ, неменеден туған бала.

Жүрежат – сегізінші ұрпақ, туажаттан туған бала.

Жұражат – тоғызыншы ұрпақ, жүрежаттан туған бала.

Жат жұражат – оныншы ұрпақ, жұражаттан туған бала.

Жегжат – жат жұражаттан туған бала немесе туыс-ағайын, аталас, рулас.

Туыс, тума – бір атадан тараған, аталас, ағайын-жұрт.

Бөле – бірге туған апалы-сіңлілердің балалары бір-біріне бөле саналады.

Жиен – тұрмысқа шыққан қыздан туған ұл мен қыз.

Жиеншар – жиеннен туған бала.

Жеңге – ағаның, жасы үлкен туыстардың әйелі.

Жезде – үлкен апасының күйеуі.

Немере іні – ағасының немесе інісінің баласының баласы.

Немере қарындас – ағасының немесе інісінің баласының қызы.

Келін – ата-ана үшін баласының әйелі де, жасы үлкен ағалары мен туған-туысқандар үшін інісінің әйелі.

Абысын – ағайынды адамдардың әйелдері.

Бажә – бір адамның немесе ағайынды кісілердің қыздарына үйленген адамдар.

Бөле – бірге туған апалы-сіңлілі кісілердің балаларының арасындағы туыстық қатынастың атауы.

Балдыз – әйел адамдардың жасы кіші туыстары.

Ене – ерлі-зайыптылардың аналары бір-біріне ана болады.

Құда – күйеу мен қалыңдықтың (ерлі-зайыпты адамдардың) аталары, әкелері.

Құда бала – құдасының баласы (ұлы) т. б. жасы кіші туысы.

Құдағи – Күйеу мен қалыңдықтың шешелері немесе әжелері (құдандал адамдардың әйелдері).

Құдандалы – қыз алысып, қыз беріскен, сүйек шатысы бар адамдар.

Құдаша – ерлі-зайыпты адамдардың жасы кіші әйел туыстары (құдандалы адамдардың қыздары).

Жиеншар – жиеннен туған бала.

Жиен – күйеуге шыққан қыздан туған бала.

Жеңге – атаның, жасы үлкен туыстардың әйелі.

Жезде – туысқан адамдардың өзінен үлкен апасының күйеуі.

Күйеу – әйелдің ері, жұбайы.

Келін – ата-ана үшін баласының әйелі де, жасы үлкен ағалары мен туысқандары үшін інісінің әйелі.

Қайын – қыз алып, қыз берген екі елдің күйеу мен келінге туыстық қатынасын білдіретін сөз.

Қайын аға – ерлі-зайыптылардың туған және туысқан ағаларының оларға туыстық қатынасы.

Қайын ата – күйеу мен келіннің туған әкелерінің оларға туыстық қатынасы.

Қайын ене – күйеу мен келіннің туған шешелерінің оларға туыстық қатынасы.

Қайын бике – күйеу мен келіннің туған әжелерінің оларға туыстық қатынасы.

Қайын сіңлі – күйеудің қарындастарының әйеліне туыстық қатынасы.

Қайын іні – ерлі-зайыптылардың өздерінен кіші ұл бауырлары.

Қайын жұрт – қыз беріп, қыз алысқан екі елдің қыз бен күйеу жақындығын білдіретін сөз.

Әке жағынан қандастық туыс атаулары: әке, шеше, аға, апа әпке, тәте, іні, қарындас, сіңлі, баба, ата, әже, немере, шөбере, немере аға, немере апа, немере қарындас, немере іні, немере сіңлі, шөбере аға, шөбере іні, шөбере апа, шөбере қарындас.

Шеше жағынан қандастық туыс атаулары: нағашы, нағашы ата, нағашы әже, нағашы әпке, нағашы аға, нағашы іні, нағашы қарындас, жиен, жиеншар.

Некелік қатынасқа байланысты атаулар: жезде, жеңге, нағашы жеңге, нағашы жезде.

Құдалыққа байланысты туыстық атаулар: құдаша, құда бала, құдағи, құда.

Үш жұрт: өз жұртың, қайың жұртың, нағашы жұртың.

Шежіре: жүз, ру, жеті ата.

Жеті ата – ата-бабаларымыз жеті атаға дейін қан араластырмайды, туыстық қалыпты бұзбайды (өзің, әке, ата, арғы ата, баба, түп ата, тек ата).

Шәкірттердің қызығушылығын оятып, туыстық атауларды ұтымды меңгерту мақсатында қазақтың әндеріне, өлеңдер мен көркем шығармаларға назар аударған дұрыс. Бұл бағытта Шылбы Көмеқұлының өлеңін алуға жол ашық.

*Өзіңнен үлкенменен ерегеспе.
Ата-анаң тірі болса шын береке.
Мысалы, шалқып жатқан көл емес пе?!
Алдыңда қадірі бар ағаң болса,
Жігітке асқар ала бел емес пе?!
Артыңда інің болса, қолың ұзын,
Қолыңды тондырмайтын жең емес пе?!
Ер жетіп ұл балаңыз билеп тұрса
Алланың сүйген құлы сол емес пе?!
Қыз балаң көрікті боп пісіп тұрса,
Үйіндегі шын асылың сол емес пе?!
Келінің әдепті боп күтіп тұрса,
Ол-дағы шын байлықпен тең емес пе?!
Құдаң мен құдағиың жақсы болса,
Дарияға бірге жүзген кеме емес пе?!
Нағашың, жиенменен ол да жақын,
Бар болса, алыс беріс арасында...*

Туыстық құндылықтарды бойға дарытуда **ата-аналар** да қалыс қалмауы қажет. Олар туыстық институттың маңыздылығын жеткізу қамын күйіттеп, ағайын-туманың алатын орнын, оларды сыйлау қажеттігін түсіндіреді. Кімнің кім екенін, олардың алатын орнын әңгімелеп берулері тиіс. Жеті атаны түгендеу, ата-текті меңгерту, олардың өнегелі тағдырын, елдің жүріп өткен жолын баяндау міндеті аса маңызды. Туыстық байланыстың үзілмеуін дәріптеу жолында даналықтың өлшемі саналатын ата-әжелер де жұмылып, қарап қалмағаны жөн.

Көнекөз қариялардың көмегімен балалар төл шежіреге үңіледі, түрлі тарихи кітаптар мен туындыларды парақтайды. Данагөйліктің бастауы, елдік пен өнегелі өмірдің қайнар көзі саналатын қарттармыз көрген-түйгенін, ақыл-кеңестерін жастарға айтып, жөн сілтеп отыруы тиіс. Оның негізінде елге деген сүйіспеншілік сезімі оянатынын да қаперде ұстаған дұрыс.

Оқушылар да сыныптастарымен өзінің шежіресі бойынша біліп-түйгенімен бөліскен абзал. Оны тамыры тереңде жатқан ағаш ретінде бейнелеп, әрқайсысының алатын орнын көрсету қажет. Елдің дамуына елеулі үлес қо-

сып, өзінің ерен еңбегімен танылған аталары мен ағайын-тумалары жайлы үзеңгілестерге әңгімелеу, өзінен кіші бауырлар мен сінділерге үйреткен абзал. Туыстық қарым-қатынастың маңыздылығын сипаттайтын мақал-мәтелдер бойынша жарысып, олардың әрқайсысының мәні мен маңызын көрсетуге талпынған дұрыс. Төмендегі мақал-мәтелдерге де жүгініп, сабақтан тыс уақытта пікір алмастыруға жол ашық.

1. Ана-тіршілік күре тамыры.
2. Ананың сүті-бал,
Баланың тілі-бал.
3. Ата – балаға сыншы.
4. Атаға не қылсаң,
Алдыңа сол келер.
3. Кәріге құрмет,
Жасқа жол көрсет.
6. Жеті атасын білген ер,
Жеті жұрттың қамын жер.
7. Атадан бала туар,
Атасының жолын қуар.
8. Тәрбие-отбасынан басталады.
9. Ана көрген-тон пішер,
Әке көрген-оқ жонар.
10. Ағасы бардың жағасы бар,
Інісі бардың тынысы бар.
11. Балапан ұяда не көрсе
Ұшқанда соны ілер.
12. Қыз-өрісің,
Ұл-қонысың.
13. Қыз-аспандағы жұлдыз,
Ұл-жағадағы құндыз.

Ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздерін тізіп, олардың мән-мағыналарын бір-біріне түсіндіруі қажет. Туыстық институтты үзбеу, ағайын-тумаға бауырмалдылық таныту бағытында пікірталас өткізіп, олар өз ойлары мен пайымдарын ортаға салғандары дұрыс. Танымдық кітаптарды оқып, тарихи жәдігерлерден сыр шертетін мұражайды аралаған абзал.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *С. Ғаббасов* «Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімі» – Алматы: 2012 ж., 13–14 б.
2. «Қазақтың ата заңдары» – Алматы: II том, 2004 ж., 265–267 б.
3. *С. Кенжеахметұлы* «Туыстық атаулар сыры» – Алматы: 2003 ж.
4. *Е.Н. Дауенов* «Дәстүрлі қазақ этнографиясы» оқу-әдістемелік құралы.
5. «Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл»: Әдеби-этнографиялық таным. (Құрастырғандар: *Б. Әлімқұлов, Е. Әбдіраманов*). 1994 ж., 238 б.
6. *С. Кенжеахметұлы* «Жеті атаны білуіміз керек» // «Адырна» ұлттық-этнографиялық сайты <http://adyrna.kz/?p=2721>
7. *Ы. Алтынсарин* Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу мен үйлену тойындағы әдет-ғұрыптардың очеркі. – 1870 ж. 112–113 б.
8. *С. Бизақов* Түбі бір түркілер. Қазақ энциклопедиясы. – Алматы, 2000. – 318 б.
9. Жүрегімнің түбіне терең бойла: (Абай туралы естеліктер). – Алматы: Жазушы. – 1995. – 296 б.
10. *М. Әуезов* Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997. – 472 б.
11. *Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы*. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы. – 2005. – 296 б.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
<i>I тарау.</i> «Туысқандық дәстүр – қазақы тәрбиенің мәйегі».....	5
<i>II тарау.</i> «Жеті атасын білген, жеті жұрттың қамын жер».....	13
<i>III тарау.</i> Отан – отбасынан басталады.....	27
ҚОРЫТЫНДЫ.....	33
ҚОСЫМША	34
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	39

Басуға 27.11.2013 қол қойылды. Пішімі 60x84¹/₈. Офсеттік басылыс. Қағазы офсеттік. Физ. б. т. 5.
Шартты б. т. 10,0. Есеп. б. т. 10,2. Тапсырыс № 253. Таралымы 3000 дана.

Қазақстан Республикасы. «Полиграфсервис» ЖШС.
Алматы қаласы, 050050, Зеленая көшесі, 13а.